

А 2010  
21595к

Мұхамбетқасым  
ШӘКЕНОВ

ЖАДЫМДАҒЫ  
ЖЫЛДАР



A. 2010/21595x

115





“ М Е Н І Џ Ғ А С Ы Р Ы М ” С Е Р И Я С Ы

---

*Мұхамбетқасым*

**ШӘКЕНОВ**

**ЖАДЫМДАҒЫ**

**ЖЫЛДАР**



“Фолиант” баспасы  
Астана-2009

УДК 821.512.122 - 94

ББК 84 Қаз 7-4

Ш 34

*Өмірден ерте озған аяулы ұлым  
Асқардың рухына арнаймын.*

**Ш 34 Шәкенов Мұхамбетқасым.**  
**Жадымдағы жылдар. — Астана: Фолиант, 2009. — 208 б.**


ISBN 9965-35-787-0

Алдыңғы аға буын өкілдері бастан кешкен тарихи оқиғалар кезеңі мен олар жүріп өткен жол — кейінгі өскелең ұрпақ үшін сөзсіз тағылым-тәрбие мектебі. Еліне елеулі, халқына қалаулы ардагер азамат Мұхамбетқасым Шәкеновтің қаламынан туған бұл естелік кітаптың құндылығы да осында. Бар ғұмыры ат үстінде өткен, екінің біріне бұйыра бермес жоғары лауазымды қызметтердің талайын абыроймен атқарған, зейнет жасына жетсе де аттан түспеген зиялы аға өмірде көргендері мен көңілге түйгендерін жатық та әсерлі әңгімелейді.

Естелік кітап желісі жеке бір адамның айналасындағы оқиғаларға құрылса да, ағалар өткерген дәуірдің тынысы мен тұтас келбеті анық аңғарылады.

Ш 4702250201  
00 (05) 09

УДК 821.512.122  
ББК 84 Қаз 7-4



ISBN 9965-35-787-0

© Шәкенов Мұхамбетқасым, 2009  
© «Фолиант» баспасы, 2009

## ДОС ТУРАЛЫ БІРЕР СӨЗ

Өмірде қандай жағдай болса да қиянатқа бармайтын; басына түскен ауыртпалықтар мен қиындықтарға нар төзімділік танытып, бастапқы туралығынан таймайтын; бақытты шақтарында барлығын байқатып, шашылып-төгіліп, асып-таспайтын; қолынан келгенінше төңірегіндегілерге көңіл шуағын сыйлауды мұрат тұтатын; көкірек сарайы түзу, ішкі қуаты берік, кісілігіне кір түсірмей өмір сүруді мақсат ететін; бойын жасырған жүйріктей көзге түсуге құмарлығы жоқ, бір көрмеге тым қарапайымдау, жұпыны көрінетін жандар болады. Ондайлар және көп те емес. Міне, мен білетін сондай көп еместердің бірі — Мұхамбетқасым Қойшыбайұлы Шәкенов деген азамат болса керек.

Мен бұл азаматтың өзін көріп-білмей тұрып, алдымен, атын естідім. Ол кезде «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінде қызмет істейтінмін. Үш бірдей мықтының — Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының, Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің органы — газетіміздің беделі орасан болатын. Оның үстіне «қазақ баспасөзінің қара шаңырағы» деген мәртебесі тағы бар. Редакция тапсырмасымен іссапарға шыққан кезімде газеттің осы беделінің мүмкіндігін шамама келгенше молынан пайдаланып, ел аралап, жер көру мақсатымен барған облысымының ат тұяғы жете бермейтін ең шалғайдағы ауылдарына әдейі соғып, адамдарымен сөйлесіп, жағдайларымен танысуды әдетке айналдырғанмын. Осындай іссапарымның бірінде Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданының атақты Бетпақдала шөлімен шектесетін өңіріндегі малшы ауылын аралап, күрежолдан алыс, елді мекенді жерден шалғайда мал қамымен шет жайлап жүрген шопандармен әңгімелескенім бар. Сонда малшылар аузынан осы Мұхамбетқасым Шәкеновтің есімін алғаш естіген едім.

Мұхаң осы ауданда ұзақ жыл аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болған екен. Қазір басқа облысқа қызмет ауыстырып кеткен көрінеді. Әдетте, ерекше бір жағдайда болмаса, кеткен басшы туралы мақтау сөз айтыла бермейді ғой. Ал мұнда

керісінше болды. Қай шопанмен сөйлесем де орайын тауып, бейне өзара келісіп алғандай, кеткен хатшыны мақтайды келіп. Кісілік парасатына ризалықтарын білдіріп, хатшы болып тұрғанда малшы ауылын жиі аралайтынын, мұн-мұқтаждарына ерекше көңіл бөліп, өздеріне әкелеріндей қамқор болғанын айтып, ауыздарының суы құриды. Қазіргі басшыларының ондай бола алмай отырғанын айтады.

Алайда мен бұл естігендеріме кезінде онша мән бермеген едім. «Қазіргі басшылары кеткен хатшыға қарағанда оралымсыздау біреу шығар. Бәрі салыстырмалы дүние ғой. «Жоғалған пышақтың сабы алтын» дейтініміз тағы бар» деп ойлағам да қойғам. Бірақ бұл топшылауымның қате екенін кейін Мұхамбетқасым қызмет атқарған Торғай, Оңтүстік Қазақстан облыстарын аралағанда барып түсіндім. Мұнда да сол, Мұхамбетқасым аты аталса болды, онымен қызметтес болғандардың қай-қайсысы да ол туралы аса құрметпен, шынайы сүйіспеншілікпен тебірене ой толғайды. Өздеріне жасаған жақсылықтарын жарыса сөз етеді. «Несін айтасың, адамның жанын түсініп, кім-кіммен болса да оңай тіл табысып, шүйіркелесіп кететін ондай басшы қайда қазір?!» – деп, ерекше бір сағынышпен, қимас көңілмен еске алады. Сол құрметтерінің белгісі болса керек, аудан аралаған кезімде бірнеше ата-ананың балаларына: «Мұхамбетқасымдай азамат болса екен» деген игі тілекпен балаларына оның есімін бергенінің де куәгері болдым.

Мұхамбетқасым туралы осы тәріздес естігенім мен білгендерім біршама мол болғанымен, оның өзін көріп, жүзбе-жүз кездесіп, бір тілдесудің реті келмей-ақ қойған. Мен іссапармен барғанда ол да үнемі іссапармен жүреді. Онымен кездесіп, танысудың сәті тек біраз жылдар өткен соң барып түсті.

Дәл қазір нақты қай жылы екені есімде жоқ, әйтеуір өткен ғасырдың сексенінші жылдарының басы. Бірде көшеде, ойда жоқта, бес жыл университетте бірге оқып, бір пәтерде тұрған досым, қазақтың белгілі жазушысы Кәрібай Ахметбеков кездесіп қалды. Әдеттегідей шұркырай табысып, амандық-саулық сұрасқаннан кейін Кәрібай менің газеттің кезекті кезекшілігінен босап, үйіме кетіп бара жатқанымды білген соң, өзіне тән еркіндікпен ай-шайға қаратпай:

– Әйдә, кеттік, – деп мені сүйрелей жөнелді.

– Ау, не болды, қайда барамыз? – деймін мен тартыншақтап.

— Қолың бос екен ғой, сөзді қой, мынау «Алматы» қонақүйінде менің облыстан келген бір досым күтіп отыр. Керемет жігіт. Соған барамыз, — дейді ол сол мені сүйрелеген қалпы өктем үнмен.

— Қой, ұят қой, бармаймын, — деймін мен онан сайын тартыншақтап.

— Қайдағы ұят?! Жүр, кеттік! Между прочим, ол сені жақсы біледі. Сен туралы талай айтқанмын ғой оған. Көрерсің, сенің келгеніңе қайта ол қуанып қалады...

Расында да солай болды. Кәрібайдың өзімсінген зорлығымен қысыла-қымтырыла қонақүйге барған бізді орта бойлы, қалың қасты, дөңгелек жүзді тығыршықтай қара жігіт құшақ жая қуанып қарсы алды. Менімен өмір бойы бірге жүріп, аз ғана үзілістен кейін қайта табысып отырған жандай жадырай амандасып, бірден арадағы бейтаныстық кедергісін кері серпіп тастап, емен-жарқын ашық сөйлесіп кетті. Таныса келе білдім, есімі баяғыдан бері өзіме таныс, өзін бір көрсем деп жүрген Мұхамбетқасымым осы кісі екен. Қызметтестері айтса айтқандай, адамды өзіне іш тартып, баурап әкететін қасиеті бар көрінеді, қарапайым да кішіпейіл. Қалайда қисынын тауып, өзінің жай адам емес, бір ауданның бірінші басшысы екенін жанындағыларға үнемі сездіріп отыруға тырысатын өзім білетін бұған дейінгі хатшылардың біріне де ұқсамайды. Өзін жайдары, еркін ұстайды. Сөйлесіп отырған адамының сөзін ерекше зейін қоя тыңдай отырып, әңгіме өрісін кеңейтуге шеберлігі ерекше байқалады.

Әңгіме арнасы шаруашылықтан мәдениет пен әдебиет төңірегіне ойысқан сәтте де өзінің біраз дүниеден хабары бар екенін танытып, ойларын күнделікті тіршілікке қатысты нақты мысалдармен негіздей өрбітіп отырды. Ой орамынан өзінен гөрі өзгенің қамын көбірек ойлайтыны, халқына қалтқысыз қызмет етуді басты мақсатына айналдырғаны анық аңғарылады. Өмірден түйгені мол, білігіне білімі сай көшелі азамат секілді. Осыған дейін қызметтестері аузынан өзім естіген мақтаулардың жалған емесіне, шын мәнінде қалай айтуға да лайық екеніне көзім жете түскендей болды. Біз осы жолы әңгімеміз жарасып, ұзақ отырдық.

Міне, сол алғашқы кездесуден бері де ондаған жылдар өтті. Бұл жылдар біздің арақатынасымызды бұрынғыдан да жақындата түсті. Талай өзгерістер мен жаңалықтардың куәгері болдық. Ең бастысы, еліміз ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы арман-

дап, қолдары жете алмай кеткен Тәуелсіздігіне ие болды. Азаттық алған халқымызбен ақ жарыла бірге қуандық. Азат елдің азат азаматы болып, ұлтыңның дамуына, халқыңның өсіп-өркендеуіне, ұрпағыңның саналы болып өсуіне бірлесе қызмет атқару мүмкіндігін алдық. Бұдан артық бақыт бар ма?!

Осы жылдары тағдырдың жазуымен журналистік тірліктен қол үзіп, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік саясат жөніндегі ұлттық кеңесте жұмыс істеп жүргенімде Мұхан да қызмет ауыстырып, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің аппаратына келді. Енді, тіпті, бір шаңырақтың астында бұрынғыдан да жақын, қоян-қолтық араласып, үнемі бірге жүріп-тұратын болдық. Ұйымдастырушылық, іскерлік ерекшеліктерімен бірге азаматтық ірілігіне, кісілік парасатына, бауырмалдық кішілігіне көз қуанып, көңіл сүйсінді. Үй ішімізбен араласа бастадық. Ерін ерекше сыйлай білетін, ағайынтуған, дос-жаранға мейірімді, қонағын құдайындай күтетін жан жары — Шекермен, қазақы тәрбиенің бесігінде тербеліп өскен алтын асықтай сүйкімді балаларымен таныстық. Сөйтіп, бірте-бірте сыпайы таныстығымыз сыйласқан үлкен достыққа ұласты. Парықты нарық жеңіп, ауызға Алладан бұрын ақша іліккен мына күрмеуі күрделі заманда, қандай жағдайда болсын, бір қалпынан айнамайтын, парасат-пайымы биік, достыққа адал, сөзге берік Мұхамбетқасымдай абзал жанның қасында болуының өзі бір бақыт екен. Тәңірім осы бақытын көпсінбесе болғаны да!

Жалпы адамзат баласының жаратылысы күрделі, құпия қалтарысы көп ерекше әлем ғой. Біреуді қанша жерден жетік білемін десең де, бәрібір толық танып болмайды екенсің: сен білмейтін сыры, сен көрмеген қыры өмір ағысында бірде болмаса, бірде белең беріп, көрініп қалып жататыны бар. Сондай жағдайды жақында Мұхамбетқасым естелік кітабының қолжазбасын оқуға әкеп бергенде мен де бастан кешірдім. Естелікті оқи отырып, өмір жолын бір адамдай-ақ жақсы білемін деп жүрген досымның мен білмейтін қырлары да, сырлары да баршылық екеніне көз жеткіздім. Мұның себебі Мұханның «мен ананы істедім, мынаны істедім» деп мақтануды білмейтін қарапайымдылығында жатса керек. Айтпағаны ғой, соншама жыл бірге жүргенде өзінің жалындаған жас шағында өз республикамыздың көлемінен шығып, Мәскеуде тұрып, БЛКЖО Орталық Комитетінде ұзақ жылдар бойы қызмет істеп, билікті, үлкен орындардың бас-



шылары алдында жалпыхалықтық мәселелер көтеріп, бірнеше одақтық жиындар өткізуге себепші болғанын естелікті оқып бірақ білдім. Бұрынғы Одақтың одақтас республикаларының бәрінде, сондай-ақ көршілес социалистік елдердің біразында болып, жүрген жерлерінде өзіндік із қалдырған, пікірлес жаңа жолдастар тапқан. Олардың кейбірімен байланысын үзбей, қазір де хабарласып тұрады екен. Бір бұл ғана емес, ұзын-ырғасы он жеті тараушадан тұратын көлемді естеліктің әр тараушасында «япыр-ай, осылай болған екен-ау» дегізер нақты дерекке құрылған жайлар жетіп артылады. Кешегі коммунистік партияның өз еркімен қия басқанды қырқып түсер қаһарлы заманында жарты ғасырға жуық әр түрлі басшы қызметте бола жүріп, бір де бір ескерту не сөгіс алмай еңбек демалысына құрметпен шығуының өзі ғажап. Қазір айтуға оңай, әйтпесе кешегі атеистер азуын айға білеген заманда, мысалы, Арыстан баб секілді әулиенің кешенін өз шешімімен қаймықпай діндарларға алып беруінің өзі-ақ бір адамның қызметімен қош айтысуына жетіп жатыр. Және бір бұл емес, мұндай істері қаншама?!. Бірақ, соған қарамастан, Мұхамбетқасымның жазаланбай аман құтылып кетуі — оның әрқашан қиянатқа бармайтынын, өзіне де, өзгеге де қатал талап қоя алатын әділдігін, атқарған жұмысына шығармашылықпен қарап, ортақ іс мүддесі үшін жалтақсыз шешім қабылдайтын іскерлігін төменгі құрылымдардан бастап, үкімет басшыларына дейін білгендігінен, мойындағандығынан болса керек. Оның солай екеніне Мұхамбетқасымның өз естелігі — осы «Жадымдағы жылдарды» оқыған жанның қай-қайсысының да көзі жетері хақ.

«Жадымдағы жылдар» — алаңсыз адал еңбек ету арқылы қарапайым жүріп-ақ қадірлі болуға болатынын дәлелдейтін құнды шығарма болыпты. Қолға алған қандай жұмысты болсын нәтижелі тындыруды өмірлік қағидасына айналдырған білікті азаматтың жазу-сызудағы алғашқы қадамының да осындай сапалы шыққаны бізді қатты қуантты. Сол себепті де дос қаламынан тұрған тағылымды дүниенің талғампаз оқырманымен табысуына сәттілік тіледік.

*Қойшығара Салғараұлы,*

*ғалым, жазушы,*

*Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты*

*Дүние — үлкен көл, заман —  
соққан жел, алдыңғы толқын —  
ағалар, артқы толқын — інілер,  
кезекпенен өлінер, баяғыдай көрінер.*

*Абай*

## КІРІСПЕ

Бала кезімізде қариялардың «Қатарым ортайып бара жатыр» деген сөздерін еститінбіз, бірақ оған онша мән бере бермейтінбіз. Енді сол жағдайды біз де бастан кешіп отырмыз... Дүниеден өткен көзкөрген жандар туралы естеліктер ойға оралып, жас ұлғайған сайын санаң да жаңғыра түседі екен. Сондайда сол естелікті хатқа түсіріп отыру да бір парыз сияқты көрінеді. Бұл да бір өмірдің заңдылығы. Оған себеп: тіршілік заңы бойынша адам жасының ұлғаюы, кейде жақын-жұрағаттардың, дос-жарандардың бұл дүниеден мезгілсіз өтуі... Қимайсың, әр түрлі ойға салынасың, бірақ қолдан келер амал жоқ. Өмірден озған сол азаматтардың жарқын бейнелері көз алдыңа оралып, көзі тірісінде айтқан ғибратты әңгімелері, жасаған игілікті істері, адамгершілік қасиеттері жаныңды толқытып, жүрегінді тебірентеді...

Әрине, мен де Құдайдың пендесімін. Бір күні маған да кезек келетіні анық. «Сол кезде мені есіне алатындар бола ма, болса олар кімдер? Олар есіне алардай не істедім, не тындырдым?» деген ой мазалайтыны бар. Сондай бір сәттерде өткеніме барлау жасап, өмір жолымды ойша шарлаймын. Байқап отырсам, сан қилы өмір өткелдерінен өтіппін. Туған елімнен тысқары талай шет мемлекетті аралап, тағдыры алуан түрлі кісілермен қызметтес, сырлас болыппын, талай оқиғаны бастан өткеріппін. Осыларды екшей келіп, балалар мен немерелерге, ағайындарға шамашарқымша сол кезде бірге жүрген, ойнап-күлген, қызметтес болған, өзім танып-білген еңбек озаттары, мемлекет және қоғам қайраткерлері, өнер адамдары, зиялы қауым өкілдері, жора-жолдастарым, бір сөзбен айтқанда, жаны жайсаң азаматтар туралы көрген-білгенімді, көңілге түйгенімді қағаз бетіне түсіргенді жөн көрдім. Аянбай азды-көпті еліме, халқыма қызмет жасадым.

Сонда бір байқағаным: адам үлкен қызметте болмашы абыроймен, кішкене қызметте зор абыроймен жұмыс істейтін кездер аз кездеспейді екен. Әрине, барына береке, өткенге қанағат.

Тағдырдың маған бұйыртқаны осы шығар: менің өмірден көргенім көп, түйгенім мол болды. Алдында айта кеткенімдей, осы азды-көпті ғұмыр шежіремді хатқа түсіріп отырмын. Ондағы ойым: мен білгенді ел де білсін, мен еңсерген асу болса, соған өзгелер де ұмтылсын, мен жіберген қателік болса, өзгелер де сабақ алсын дегендік еді.

Біз ел өмірінің, ұлт тағдырының қайталанбас кезеңінде ғұмыр кешкен ұрпақпыз. Біз екі рет өмір сүргендейміз. Екі ғасырдың, екі мыңжылдықтың ауысқаны бастан өтті. Ең ғажабы – Тәуелсіздіктің таңын көрдік... Бодандықтан бостандыққа өттік. Екі заманға, екі жүйеге куә болдық. Өтпелі кезеңде ғұмыр кештік. Ел өмірінің тұғырлық болмысына араласқан, басынан талай елдік істер өткерген азамат ретіндегі менің бұл естелігім аса бедерлі тарихи кезең куәгерінің бастан кешкен жағдаяттары ретінде қабылданады деп үміттенемін.

## ҰШҚАН ҰЯМ, БІЛІМ ҚУҒАН КЕЗДЕРІМ

Әкем Қойшыбай Нақыпұлы 1890 жылдардың соңында қазіргі Жамбыл облысының Сарысу ауданы аумағында, Шу өзенінің бойында, өлең-жырға айналған әйгілі Жайлаукөл маңындағы Қуарал деген жерде дүниеге келіпті. Бұл ұлы қобызшы Ықылас Дүкенұлының елі, ол кісі сол жерде жерленген.

Әкеміз төрт ағайынды екен. Әкелері Нақып Қазығұрт тауының маңында ертеректе қайтыс болып, олар жастай жетім қалыпты. Үлкені – Жүністен қазір Қалмен деген ініміз өніп-өсіп отыр. Әкейдің інісі Тұрғанбай да дүниеден жастай өтіп, одан ұрпақ қалмаған. Кіші інісі Кенжетайдан Сағадат, Әбдіоқап, Әбдіхалық деген балалары бар.

Анам Мінәй Сарыбайқызы да 1900 жылдардың басында Бетпақдаланың солтүстігінде, Мұңлы-Құлы тауларының маңайында туыпты. Сінлісі Айша мен екеуі әке-шешеден – бірі он екі жасында, екіншісі алты жасында жетім қалыпты. Інілері Жолшыбек жастай жоғалып кетіпті. Содан Әбүйір деген ағайындарының үйінде өсіпті.

Әкей өте пірәдар адам еді. Анам екеуі де Сарысу ауданының Байқадам (Саудакент) ауылындағы Шоқай датқа қорымына жерленді.

Ол заманда біздің ел Шу мен Сарысу өзендерінің арасындағы оңтүстіктен солтүстікке қарай 500-600 шақырымға созылатын Бетпақ деп аталатын қазақтың кең даласын жайлайды екен.

Әкеміз бен шешеміз өмірдің ащы зардабын көп тартқан, сауаттарын аша алмаған, өмір бойы қара жұмыс атқарған жандар еді. Олар дүниеге он төрт перзент әкелген екен. Солардан бесеуіміз ғана аман өстік.

Үлкен ағам Әбілқай үбірлі-шүбірлі. Жүргізуші болып істеген. Жаңатаста тұрады.

Одан кейінгі ағам Әбілқасым жұмысқа жастай араласты, еңбекқорлығымен көзге түсті. 1957 жылы «Байқадам» кеңшарының озат жүргізушісі ретінде Мәскеуде өткен Дүниежүзілік жастар фестиваліне қатысты. Фрунзе (қазіргі Бішкек) автомобиль техникумын бітірді. Көп жылдар бойы аудандық Армияға, авиацияға, флотқа жәрдемдесу ерікті қоғамы (ААФЖЕК – ДОСААФ) комитетін басқарды. Сарысу ауданының автомектебінде 20 жылдай жүргізушілер даярлады.

Осы ағам әкеміздің орнына әке болды. Жеңгем Шекер Ыбырайқызы екеуі он бала тәрбиелеп өсірді. Маған және қарындастарыма жоғары білім алуға жағдай жасады. Әкелерінен ерте қалған немере інілерім Қалмен мен Оқанды, Әбдіхалықты жұмысқа баулыды, мамандық әперді, үйлендірді. Өте мейірімді жан еді. Ағайын-жекжаттан қолдан келген жақсылығын аямайтын, жаны жомарт, кеңпейіл азамат болатын.

Әбекең ешкімнің ала жібін аттамаушы еді. Меккеге қажылыққа барарда Алматы арқылы ұшты. Жолға керек болады деп жоралғысын жасап едім, алмай қойды. Бір әке-шешеден тусакта: «Шариғат көтермейді, қажылыққа өз еңбегіммен тапқан қаражатыма баруым керек», — деп көнбеді.

Ауылдан алыста жүрген соң, елдегі барлық жағдай, шаруаны сол кісіге сеніп, арқамды кең ұстадым. «Ағасы бардың жағасы бар», «Ағаның үйі — ақ жайлау» деп Әбекеңе көп сүйенуші едім.

Қарындасым Рыскүл Жамбылдағы химия-технология институтын бітіріп, алғашында мамандығы бойынша, кейіннен комсомолда, облыстық партия комитетінде қызмет істеді. Көп жыл-

дар бойы облыстық азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімін басқарды. Бүгінде жұбайы Аманжол екеуі ұл-қыз өсіріп, немере сүйіп отырған үлгілі шаңырақ.

Кіші қарындасым Айша Алматыдағы қыздар педагогика институтын бітіріп, Таразда мұғалім, мектеп директоры болды. Жұбайы Алдиярбек – өнегелі әулеттің үлкені. Інісі Жамалбек пен келіні Сәуле екеуі де ұлағатты ұстаздар, ғылым докторлары.

\*\*\*

Біздің Сарысу ауданы Қазақстан Үкіметі – Қазақ Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасы Халық Комиссарлары Кеңесінің «Қазақстанда көшпелі, жартылай көшпелі және отырықшы аудандарды белгілеу туралы» қаулысына сәйкес 1928 жылғы 3 қыркүйекте жеті болыс елдің негізінде құрылған. Орталығы Сарысу өзенінің жағасындағы Ақкеңсе деген жер болыпты. Алғашында Қызылқұм, Созақ және Шу аудандарымен бірге орталығы Шымкентте болған Сырдария округіне қарапты.

Ауданның өзінше қиын да қилы тарихы бар. Заманалар зобаланы бұл өңірге де оңай соққан жоқ. Қазақстанды басқарған Голощекин дегеннің асыра сілтеген солақай саясатының салдарынан мындаған адам малынан айырылып, ашаршылық зардабын тартты. Көптеген адам қырылып кетті. Осы бір жан түршігерлік қасірет туралы жергілікті жазушы Пернебай Дүйсенбин өз кітаптарында егжей-тегжейлі жазды.

Соғыстан кейінгі жылдары ауданның экономикалық-әлеуметтік жағдайы жақсарды. Шаруашылықтар іріленіп, төрт түлік малдың саны өсті. Қойдың саны жарты миллионға жуықтады. Аудан соңғы 50-60 жылда талай-талай табыстарға қол жеткізді.

Асанәлі Әшімов, Ілия Жақанов, Алдаберген Мырзабеков, Ақаш Ібіжанов, Айтбай Назарбеков, Ұзақбай Сыздықбаев, Рақыжан Ерсейітов, Сейфулла Қожаханов, Жақсылықбай Тәжібаев, Әбдеш Қалмырзаев, Ұзақбай Төлеуов, Кәрібай Ахметбеков, Санақ Әбеуов, Амангелді Омаров, Қосылған Күзембаев, Төлеутай Несіпбаев, Божбанбай Толысбаев, Болат Сембин, Қалқаман Аяпов, Тынышбай Рақымов, Дулат Шалқарбаев, Амангелді Сембин, Бейбіт Қойшыбаев, Берік Шаханов, Қали Сәрсенбаев, Әлия

Бөпежанова, Сәуле Жанпейісова, Таңат Аяпова, Сейітжан Тасыбаев, Әбдіманап Көпбергенов, Пернебай Дүйсенбин, Күләш Әбдікешева, Тиыштық Бектөреева, Жақсылық Бозжігітов, Сейітбек Бегманов, Ақатай Ақбаев, Маралтай Райымбеков, Қайрат Жүнісов, Серікбек Еркінбеков сияқты азаматтар ауданның жақсы атын шығарып, даңқын жайды.

Есейе келе жас атаулының арманшыл болатыны заңдылық. Мен де аудан орталығы Байқадамда сол кездегі Каганович атындағы мектептің 8-сыныбын бітірісімен қалаға барып оқып, тереңірек білім алуды армандадым. Әке-шешемнің ықтиярымен 1957 жылы Жамбыл қаласына (қазіргі Тараз) ауыстым. Мектеп директоры Алдаберген Сәрсенбаев ағайымыз құжаттарымды бергісі келмеді. Техникумға түсемін деп әрең алдым. Бейтаныс шаһарды аралап жүріп, орталық Пушкин көшесінің бойындағы «Киров атындағы орта мектеп» деген орыс мектебіне келдім. Директоры – Павел Кузьмич Цой, жасы елулер шамасындағы кісі екен. Құжаттарымда барлық пәннен баға «бес» болатын. Танысып, әңгімелескен соң мектепке қабылдады. Жатар орнымның жоқтығын біліп, Жамбыл атындағы қазақ орта мектебінің директоры Сейдуллаев деген кісімен сөйлесті. Онда облыс аймақтарынан келген балаларға арналған интернат бар екен, мені сол жерге орналастырды. Бұл Ташкент көшесінің бойындағы көпке әйгілі интернат екен. Болашақ қоғам қайраткерлері Қаратай Тұрысов пен Шерхан Мұртаза кезінде осында тәрбиеленіп, үлкен өмірге осы арадан аттанған.

Интернат директоры Әкім Садықбеков ағай жылы шыраймен қабылдады. Ол кісі жақсы педагог, ұлағатты ұстаз, сері жігіт болатын. Осы кезге дейін хабарласып тұрамыз.

Интернатта көп тәрбие көрдік. Ұйымшылдыққа, қоғамдық орындардағы тәртіпке, тазалық сақтауға, ұқыптылыққа, ыдыс-аяқ, еден жууға, тіпті қызбен билеуге дейін осында үйрендік. Көше бұзақыларына да есемізді жібермейтін болдық.

Сонымен, 1957 жылы он бес жасымда мен білім іздеп, арман қуып туған ұямнан ұшып шықтым. Өз бетімше өмір сүруге бейімделетін жаңа кезең басталды.

Жаңа жағдайда дүниеге басқаша қарайды екенсің. Жаңа таныстар таптым. Жинақы, жігерлі бола түстім. Білімге деген құлшынысым артты. Мектепте автомобиль жүргізушілерін даяр-

лайтын білім ұясының мұғалімі Журавлев деген кісі сабақ берді. «Әуесқой жүргізуші» куәлігіне емтихан тапсырдым. Осы мамандықты үйренгенім кейін өмірде көп пайдасын тигізді.

«Өнерді үйрен де жирен» деген, Пионерлер үйінде фото-үйірмеге қатысып, одан да куәлік алдым. Үйірмені Нұрымов деген кісі басқаратын. Бұл үйірмеге менімен бірге жерлесім, балалар үйінде тәрбиеленетін Аманжол Асылбеков те қатысатын. Ол Омбы институтын бітіріп, Алматыда жұмыс істеді. Кейін Құдай қосып, көрші де тұрдық.

Оқып жүріп, облыстық радиода балалар бағдарламасын жүргізетін диктор болдым. Облыстық радиокомитеттің төрағасы Көкіш Рысбаев пен редакторы Жақсылық Сәтібеков ҚазМУ-дің журналистика факультетіне оқуға түсуге кеңес берді. Мектепті бітірерде әскери комиссариаттың қызметкерлері келіп, Орынбор авиация училищесіне және Ташкенттің жалпы әскери-командалық училищесіне оқуға түсу үшін шәкірттерді үгіттеп, сынақ өткізді. Ол сынақтардан сүрінбей өттім. Өзімнің ұнататыным «инженер-автомобилист» мамандығы болатын.

Шешім қабылдайтын кезде әкем: «Балам, қарағым, ауылда туып-өстің, күнкөрісіміз малдың арқасында. Манап та сол мамандық бойынша бітіріп жатыр, лажы болса мал маманы болғаныңды қалаймыз», — деді.

Манап — шешемнің Айша деген сіндісінен туған бөлем. Шу, Сарысу аудандарында өз мамандығы бойынша абыройлы қызмет істеді. Бірақ дүниеден ертерек — 53 жасында өтіп кетті. Ол мені қарындасы Бибіғайшадан, інілері Жанат, Мұрат, Болат, Саматтан кем көрмеуші еді. Айша апамыз 2008 жылғы 4 қазанда 100 жасын жақсылап тойлап, бір жылдан кейін ұлы Манап өмірге келген күні — 1 мамырда қайтыс болды. Өз аманаты бойынша аяулы ұлының жанына жерленді.

\*\*\*

1959 жылы орта мектепті тәмамдап, аттестат алысымен әкемнің кеңесіне құлақ асып, Алматыға аттандым. Манап ағам институт бітіріп жатқан. Сол тұратын Арычная көшесінің (кейін Студенттік бульвар, Абай даңғылы атанды) 97-үйіндегі Петр

Фомич, Ульяна Прохоровна Гапченко дейтін украиндардың пәтеріне орналастым. Қожайындары өте мәдениетті, қарапайым, кішіпейіл адамдар болып шықты. Оқу бітіргенше осында тұрдым. Бес жылда бір рет те жатақханаға түнемей кетіппін. Бұл үйде әр жылдары жерлестерім Жуас Рахымов, Жеңіс Қызаев, Отыншы Әлібаев, Кәрібек Ерсейітов, Шоқан Кенжебаев, Амангелді Қожакелдиев, Қуанышбек Жұмабеков, Тұрсынбай Дүйсенбековтер бірге жатты. Бұл үйдің орнына кейін онкологиялық диспансер салынды.

Үш сабақтан емтихан тапсырып, 1959 жылғы бірінші қыркүйекте Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институтының ветеринария факультетіне оқуға түстім. Маған № 222 студенттік билет тапсырылды. Осы жылы кәсіподақ мүшелігіне өттім.

Оқуға қабылдай салысымен бізді Алматы облысы Жамбыл ауданының «Новая жизнь» ұжымшарына темекі жинауға алып кетті. Сонда 20 күндей істеген соң, Шымкент облысының Киров ауданына қарасты «Большевик» кеңшарына мақта теруге жөнелтті. Ол кезде студенттерді жыл сайын жиын-терін науқанына қатыстыратын. Бірінші курсты бітірген соң Павлодар облысының Краснокут ауданында, екінші курстан соң Баянауыл ауданының «Жосалы» кеңшарында астық жинауға атсалыстық.

Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институты 1929 жылы құрылған. Мұнда Ф. Мұхамедғалиев, Н.О. Базанова, И. Сүлейменов, П.А. Карасев, М. Әлетов, Я.И. Клейнбок, Е. Наурызбаев, К.Н. Бучнев, Т.О. Измайлов, Т.С. Минкин, М.А. Байтурин, В.И. Ряховский, Ш. Жақыпов, Б.П. Всеволодов, Ж. Омаров, Б.А. Матвиенко, З.К. Қожабеков, Т. Несіпбаев, М.С. Бесбаев, Қ. Құсайынов, Б. Толысбаев, З. Сейітов, И. Уәлиев, В.С. Козлов сияқты ірі ғалымдар, академиктер, профессорлар мен доценттер ұстаздық ететін. Ректор болып біздің кезімізде Ғабдығали Қонақбаев пен Мүсілім Ермеков істеді.

Ветеринария мамандығы – өте қадірлі мамандық. Академик Константин Иванович Скрябиннің: «Медицина адамды емдейді, ветеринария адамзатты емдейді» деген сөзі соған дәлел бола алады. Сонымен қатар, мал дәрігерлері өмірде іс жүзінде қолданатын «Ветеринария заңы» деген күшті құралы бар. Осы мамандықты меңгергеніме өкінбеймін. Соның арқасында әр түрлі қызметтер атқара жүріп, бұқара халықпен тіл табысып,



жұмыс істедім. Мұның өзі шаруашылықтарды аралағанда болып жатқан нақты жағдайды біреудің көмегінсіз түсініп, кеңшар басшылары мен мамандарының жұмысын, білімі мен қабілет деңгейін дәлірек анықтауға да көп себін тигізді.

Мысалы, бір жолы Жезқазған облысы Жанаарқа ауданының «Айнабұлақ» кеңшарында болғанымда мал дәрігері Сүлеймановқа: «Өткен айда өлген сиырлар немен ауырғанын көрейін, жасаған актілеріңмен таныстыршы», – дедім. Бір сиырға «миокард инфаркті» деген диагнозбен акт шығарыпты. Басқа актілерді де осылай, ойына түскен кеселдермен толтыра берген. Сөйтіп, былықтың беті ашылды.

Соңғы жылдары ветеринария ғылымының назардан тыс қалғаны өкінішті-ақ. Ғылыми-зерттеу институттары таратылды, малдың тұқымын асылдандыру жұмысы бетімен кетіп, мал тұқымы азған соң, енді ғана қайтадан қолға алынуда. Ветбакзертханалар, ветстансалар, эпизоотрядтар жұмысы қожырады. Малға жасалатын алдын ала емдеу шараларына бақылау төмендеді.

Білімге құштарлықтың бір белгісі болар, Алматыда бірінші курсты бітірген соң, Мәскеудің М.В. Ломоносов атындағы университетінің биология факультетіне түсу үшін ректорына өтініш жазып жібердім. Екінші курсына емес, бірінші курсына ауысуға рұқсат етілген жауап келді. Жоғалтатын бір жылды қимай, бармай қалдым. Балалық-ай десеңші!

Институтта спорт түрлері жақсы дамыған болатын. Әсіресе күрес пен бокстан біздің студенттер жақсы көрсеткіштерге жетіп жүрді. Футболдан институттың құрама командасында ойнадым. Жаттықтырушымыз «Қайрат» командасының қорғаушысы Борис Львович Каретников болды.

Талдықорған өңірінде көп жылдар бойы бірнеше ауданды басқарған, зоофакты бітірген институт түлегі Наурыз Қылышбаев кездескен сайын «біздің қорғаушы» деп мен туралы әңгімесін бастайды. Оның өзі командамыздың қақпашысы болатын.

Оқып жүргенде қоғамдық жұмысқа да бел шеше кірістім. Комсомол (коммунистік жастар одағы) ісіне белсене қатыстым, көп жыл курстың комсоргі (ұйымдастырушы) болдым. 1961 жылы белсенді студенттердің біразы институт комсомол комитетінің және кәсіподақ комитетінің марапатына ие болды. Маған және зоофактың студенті – ұйғыр жігіті Баратовқа Қырымның

«Ясная Поляна» пансионатына жолдама берді. Екеуміз пойызбен Мәскеуге тарттық. Мұндай ұзақ сапарға бірінші рет шығуым. Ірі стансаларды өткізіп алмау үшін вагонның терезесінен сыртқа қараймын да отырамын, артта Жамбыл, Шымкент, Түркістан, Қызылорда қалды. Аралға жақындағанда қалаға жақын толқып жатқан теңізді көрдім. Еділді артқа тастап, Мәскеуге де жеттік. Қазан вокзалында бір орыс кемпірі жолығып, үш күн соның үйін жалдап тұрдық.

Ол кезде Мәскеуге барғандардың ең әуелі көруге ұмтылатыны күллі әлем еңбекшілерінің көсемі атанған Ленин мен Сталиннің мавзолейі болатын. Кейін Сталиннің билік басында жүргендегі озбырлықтары ашылып, мавзолейден шығарылып, жерленді. Дүниенің төрт бұрышынан келгендер соны көруге асығатын. Ертеңіне біз де Қызыл алаңға бардық, мавзолейге кіру мүмкін емес. Ол үшін таң атпай кезекке тұру керек екен. Келесі күні сағат алтыларда барсақ, тағы ұзыннан-ұзақ кезек. Содан алаңнан төменірек түсіп барып Александров бағының биік темір қоршауынан секірдім де, қалың адамның ортасына қойып кеттім. Сөйтіп, мавзолейде жатқан Ленин мен Сталинді көріп, бір арманға жеткендей болдым. Ол кездегі патриоттық сезім солай болатын. Сонымен қатар Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесін, Ломоносов атындағы университетті, Үлкен театрды, басқа да тарихи орындарды араладым.

Қырымда көретін жақсы жерлер өте көп екен. Симферополь, Севастополь, Ялта, Алушка, Алушта, Никитск ботаникалық бағы, тағы басқа тарихи жерлер көпке дейін жадымда қалып қойды.

Бұл сапардың жақсы әсер еткені соншалық, қол тигенде, жағдай көтергенде, аяқ жетер жерді аралап қайтуды үйреніп алдым. Келесі жылы Павлодар облысының Баянауыл ауданындағы «Жосалы» кеңшарында егін жинауға қатыстық. Жұмыс біткен соң, Екібастұздан пойызға отырып, Новосибирскіге тартып кеттім. Оның вокзалын Сиқымбай деген ағайынымыздың мақтағаны бар-тын. Бұл қаланы да әбден аралап, Алматыға оралдым.

Ел көруге, жер көруге қатты қызыға бастадым. Келесі жылы демалыс кезінде Қырғызстанның «Ыссық-Ата» дейтін демалыс орталығына барып қайттым.

1963 жылғы қараша айында курстасым Шекер Сопанқызы Жидебаева екеуміз отау құрдық. Оның әкесі Сопан Жидебайұлы мен шешесі Әйшікен Бекейқызы Сарысу ауданының тумалары болатын. Кішіпейіл, момын, еңбекқор жандар еді.

Қызығы мол студенттік бес жыл өте шықты. Институтты 1964 жылы бітірдім. Алда әзірге қыры-сыры беймәлім еңбек жолы күтіп тұрды.

## **АЛҒАШҚЫ ЕҢБЕК ЖОЛЫМ. ЖАЛЫНДЫ ЖАСТЫҚ ШАҚ**

Еңбек жолымды 1964 жылы Жамбыл облысының Сарысу ауданындағы «Коммунар» кеңшарының Талас өзенінің құмға сіңетін жерінде шалғай жатқан Көкдала бөлімшесінде мал маманы болудан бастадым. Шаруашылықтың директоры Иген Нұрмаханов деген кісі, жастығымды ескерсе керек, сонда жіберді. Жұмыста бір жыл қара жорға ат мініп жүргенім есімде.

Сол жылы 16 қыркүйек күні тұңғышымыз Гүлнәр дүниеге келді.

Институт ол кезде дипломды бір жылдан кейін беретін. 1965 жылы жазда Алматыға барып дипломымды алысымен, өндірісті тереңірек үйрену мақсатында Свердлов (қазіргі Байзақ) ауданындағы «Трудовой пахарь» деп аталатын әйгілі миллионер ұжымшарға ауысқым келді. Оны басқаратын А.Л. Нахманович — Социалистік Еңбек Ері, даңқы жайылған өте іскер адам еді. Соның келісімін алған соң, бір жыл істеген кеңшармен есептесіп, қош айтыстым.

Жаңа қызмет орнына бара жатып, жол-жөнекей облыстық комсомол комитетінің бірінші хатшысы Тасболат Байталиевке соғып, амандасып шықтым. Оны студенттік кезден білетінмін. Ол институтта комсомол комитетінің хатшысы болды, одан кейін Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінде істеп, Шығыс Қазақстан облыстық комсомол комитетінің екінші хатшысы қызметін атқарған. 1965 жылдың көктемінде Жамбыл облыстық комсомол комитетінің бірінші хатшысы болып сайланған еді.

Ұжымшардың «Ақжар» бөлімшесіне малдәрігерлік қызметке орналасатын болып, есепке тұруға аудандық комсомол комите-

тіне соқтым. Бірақ оның екінші хатшысы (бірінші хатшының орны бос екен) Нәрен Сейдуалиев, танысқаннан соң, мені бірден Қазақстан компартиясы аудандық комитеті ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі Кершайыз Мырзалиевке және бірінші хатшысы Рахман Құлахметұлы Медеуловқа алып барды. Ол заман коммунистік партияның дара билеп, қоғам өміріндегі барша мәселені бір өзі шешіп, дәуірлеп тұрған кезі. Комсомол компартияның қолғанаты, қоры саналатын, жас кадрларды тандаудың, іріктеудің, тәрибелеп, шындап өсірудің бір арнасы, мектебі болатын. Бәрін де бірінші рет көруім. Қазір ойласам, сірә, Байталиев аудандық комсомол комитетіндегілерге мені «қоғамдық жұмысқа пайдаланындар» деп айтып қойса керек. Олар әңгімелесіп байқап, мені аудандық комсомол комитетінде бос тұрған ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі етіп бекітуге ұйғарды. Партияның қатал тәртібі солай, шешіміне қарсы келуге болмайды. Бұдан бұрын мұндай жоғары лауазымды адамдармен сөйлеспек түгілі, қолын алып көрген емеспін. Бойымда үрей де, қобалжу да бар. Сөйтіп, ойда жоқта комсомол қызметкері болып шыға келдім. Содан он екі жыл «комсомолдың нанын» жедім. Жалындаған жастық шақ, жігерлі жастардың жүрек лүпілі, білім мен өнерге деген талпыныс, қашанда уақыт жетпей жататын қызықта қауырт күндер, замандастар арасында өткізген ұмытылмас сәттер — бәрі де жадымда сайрап тұрғандай.

Жаңа қызметім алғашында қиындау көрінді. Ол кезде бүкіл Одақ көлемінде комсомол билеттерін ауыстыру науқаны жүріп жатқан. Жастардың көбісі комсомолдық есептен шықпай жан-жаққа, кейбіреулері тіпті басқа республикаларға кетіп қалған екен. Оларды іздеп табу өте қиын соғатын. Оның үстіне, бастауыш ұйымдар хатшыларының барлығы да жұмыстарын қоғамдық негізде атқарады.

Содан алғашқы кезде қайтадан шаруашылыққа ауысып, мамандығым бойынша жұмыс істегім келді. Бірақ аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Р.Қ. Медеуловтің маған ықыласы түсіп, үлкен қолдау көрсетіп тұрды. Ол кісі Ұлы Отан соғысына қатысыпты. Кейінгі жылдары Жамбыл облыстық комсомол комитетінің, Меркі аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болыпты. Өмірлік тәжірибесі мол азамат екен.

Бір жолы комсомол ұйымдарындағы жағдайды сұрады. Білгенімше айтып бердім. Ленин атындағы ұжымшардың комсоргі,

шаруашылықтың екінші бухгалтері Мәдешевтің кемшіліктерін естіп, оны өзіне шақыртып, біраз тәрбиеледі. Бұрынғы істеген шаруашылығымнан тиісті құжаттар алдыртып, мені партия қатарына өтуге кандидаттыққа қабылдады.

Есте қалған бір жағдай: арада екі-үш ай өтісімен аудандық партия комитетінің бөлім меңгерушісі Кершайыз Мырзалиев ағамыз мені «Куйбышев» кеңшарындағы орта мектептің директоры Омбаевтың үстінен түскен арызды тексеруге жіберді. Жаспын, әлі тәжірибе жоқ. Кешегі мал дәрігерімін, бүтін іргелі ұстаздар ұжымын тексеруім керек. Бұл жағдай мен үшін алғашқы үлкен сынақ болды.

Мұндай сенім мен қолдаулардан кейін бұрынғы шегіншектенген ойларым сейіліп, комсомолға құштарлығым арта түсіп, жұмысқа басқаша ынтамен кірісе бастадым.

Қиындықтарды жеңе білуге, адамдармен сұхбаттасуға, тіл табысуға, көпшіліктің пікіріне құлақ асуға — қысқасы осының бәрін үйренуге қоғамдық жұмыстың үлкен пайдасы тиді.

1966 жылдың наурызында облыс құрамында жаңадан Жамбыл ауданы ашылды. Аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып ауыл шаруашылық тәжірибе стансасының директоры, ғылым кандидаты, 35 жастағы Нұртаза Ибраев сайланды. Қою кара шашты, қапсағай денелі, сымбатты кісі екен. Кейін ол кісімен өмірлік жолымыз талай тоқайласты, жақсылық шапағатын көп көрдім.

Нүрекең облыстық комсомол комитетінің ұсынысымен мені қабылдап танысты, аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы болуды ұсынды. Ұйымдастыру бюросы құрылды. Бірақ, бірінші хатшылыққа сайлану үшін партияның мүшесі болу қажет екен, ал мен әлі мүшелікке кандидат едім. Сол себепті, облыстық комсомол комитетінің бөлім меңгерушісі Борис Стародубцев аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы, ал мен екінші хатшысы болып сайландық. Бұл қызметте жарты жыл ғана істедім. Аталған уақыт бастауыш ұйымдармен танысуға және жаңа құрылымдарды ұйымдастырумен өтті.

Сол жылы Жамбыл қаласында 29 сәуір күні Асқар деген ұлымыз дүниеге келді. Ол кезде аудан орталығы осы қалада болатын.

Желтоқсанның 14-і күні Алматыға, Қазақстан комсомолының Орталық Комитетіне тез жету керектігі жөнінде шақыру алдым.

Неге шақырғандарын білмеймін. Төтен шақырысқа үйімізге қыдырып келіп жатқан анамның үрейі ұшып, қорықты. Бұрын біз мұндай жағдайды көрмегенбіз.

Онда келісімен, менімен бөлім меңгерушісінің орынбасары Ғани Орынбаев танысып, әңгімелесті. Қолыма қағаз беріп, ауданда істеліп жатқан жұмыстар туралы анықтама жазуымды өтінді. Көлемді анықтама жазып бердім. Одан кейін аппараттың бөлім басшылары Ким Титенко, Аманша Ақпаев, Роза Дүйсенбекова, Кеңес Шәймерденов, Орталық Комитеттің хатшылары Никара Абаева, Владимир Ненадов, Қалаубек Тұрсынқұлов, екінші хатшысы Иван Зарубин қабылдап, әңгіме өткізді. Соңында мені орталық аппаратқа қызметке қабылдауды ұйғарғандарын айтты. Жастығымды, тәжірибемнің аздығын алға тартып, бұл ұсынысқа жүрексіндім, келісім бере қоймадым.

Ертеңіне мені Орталық Комитеттің бірінші хатшысы Өзбекәлі Жәнібековке алып кірді. Амандасқан соң, ол кісі келісім бермеуімнің себебін сұрады. Кешегі айтқан уәждерімді қайталадым. Өзекең столды қойып қалып: «Ей, бала, сенен басқа қазақ құрып қалып па, республикада 800 мың комсомол мүшесі бар, адам жеткілікті», — деді. Содан біраз ақылын айтты. Жамбылдан Т. Байталиев мен туралы жақсы лебіз білдірген көрінеді. Аудандық партия комитеті бірінші хатшысының аты-жөнін, телефонын сұрап алып, сыртта күте тұруымды өтінді.

Біраздан соң қайтадан шақыртты. «Қазір ауданның бірінші хатшысымен сөйлестім, келіспесең, барысымен партиядан шығатын болдың», — деді. Ол кезде партиядан шығып қалу адам санатынан шығып қалумен бірдей, одан үлкен сұмдық жоқ, қызметте өсу дегенмен қош айтыса бер. «Жаппарқұлда жан бар ма?» деген, сонымен 1966 жылғы 16 желтоқсан күні Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің қызметкері болып бекітілдім.

Осыдан сәл-ақ бұрын аймақтарда аудандық комсомол комитеттерінің бірінші хатшылары болып істеп жүрген Кеңес Мұстаханұлы Аухадиевті, Сиязбек Өнербекұлы Мұқашевті, Асылмұрат Тұрғанбековті аппаратқа қызметке қабылдаған екен. Олар кейін жоғары лауазымды қызметтер атқарып, қайраткер ретінде елімізге танылды. К. Аухадиев Алматы облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болды. С. Мұқашев Қазақстан Республикасы кәсіподақтары федерациясының төрағасы болып

20 жылдан аса қажырлы еңбек етті. Ол 2009 жылғы 7-8 мамырда Астанада 70 жылдық мерейтойын атап өтті. А. Тұрғанбеков Талдықорған облысында бірнеше ауданды басқарды, Қазақстан Парламенті – Жоғарғы Кеңестің депутаты болып сайланды.

1967 жыл басталысымен, қаңтардың ортасында, Орталық Комитеттің хатшысы В. Ненадов шақырды. Қолыма үлкен бір құжатты берді де: «Осыны дайында, тезірек бюроға енгізейік», – деді. Кабинетке келіп таныссам, КСРО Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Бүкілодақтық ЛКЖО Орталық Комитетінің «Комсомол-жастар мал фермаларындағы өндіріс мәдениеті мен еңбек жағдайының бүкілодақтық байқауы туралы» деп аталатын қаулысы екен. Енді оны республика жағдайына үйлестіріп қаулы дайындау керек. Құжатты республика Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірігіп дайындадық.

Конкурстың шарты бойынша жыл қорытындысын шығарып, жеңімпаздарды анықтадық. «Достық пойызы» құрамында Одақтың 300 озатының қатарында біздің де 30 жас малшымыз тегін жолдамамен Польшаға барды. Варшава, Лодзь, Краков воеводстволарында, Ченстохов қаласында көрікті жерлерді аралады. Мал өсіру саласындағы озық технологиялармен танысты, біразы ондағы жағдайды көріп таңғалды. Малшылар былай тұрсын, малға жасаған өндірістік жағдайдың өзі сүйсінерліктей екен. Олар біз секілді малды далаға айдап жаймайды. Жастар сүт өндіру, оны өндеу үрдістерін көріп мол әсер алды. Жас маман ретінде өзімнің де көргенім бар, бізде қымбатқа сатып әкелінген «Санта Гертруда» асыл тұқымды бұқалары қамыстың арасында, ауылдың сиырларымен бірге жайылатын. Бруцеллез ауруын тексеру үшін қанын аларда, бір тонналық салмағы бар жануарларды тапжылтпауға шалғайдағы ауылда мықты тіреу де табылмайтын. Айта берсең, оның жемі, шөбі, қорасы, ішетін суының сапасы өз алдына бөлек әңгіме.

Делегацияның барлық мүшесін таңғалдырған жағдай Варшавада үлкен дүкенді аралаған кезде әжетханаға кіру үшін елдің ақша төлейтіні болды. Арада отыз жылдай уақыт өткенде, нарық заманында, ақылы дәретхана жүйесі біздің елге де келіп жетті. Сонда біз Еуропадан сонша артта қалып келе жатқанымыз ба деп те ойлаймын.

Жантүршігерлік жағдайды Краковтың маңындағы «Освенцим» концлагеріне барғанда кездестірдік. Адамның терісінен,

шашынан жасалған заттарды, адамдарға, әсіресе балаларға жасалған фашизмнің қиянаттарын көзімізбен көрдік.

\* \* \*

Арада төрт жыл өте шықты. Қызмет бабымен республиканың бірталай облысын араладым, жастар ұйымдарының жұмысымен таныстым. Осы уақыт ішінде Өзекеннің қарамағында нұсқаушы, бөлім меңгерушісінің орынбасары болып істедім. Ол кісіден көп нәрсе үйрендім, оны өзіме ұстаз ретінде сезіндім.

Өзекен өте іскер еді. Адамдарды өзіне тартып тұратын. Сонымен қатар, қарамағындағы қызметкерлерге талапты да тым қатты қоятын. Тапсырмаларының орындалуын қатаң қадағалайтын.

Әлі есімде, бір күні түнгі 12-ге дейін Орталық Комитетте кезекші болып, жұмыстан кеш қайттым. Үйге кіре беріп едім, телефон шыр ете түсті. Көтерсем, Өзекеннің өзі екен. «Бағанағы мәліметті Мәскеуге хабарладың ба?» — деп сұрады. «Жоқ», — деп жауап қатып едім: «Қазір бар да, тез жібер», — деді. Түн ортасында кеңсеге қайта барып, тапсырманы орындап, үйіне телефон соқтым.

Аппарат қызметкерлеріне қойылатын ең үлкен талап — құжатты сапалы әрі сауатты дайындау. Апарған материалдың бірден Өзекеннің көңілінен шығуы қиын еді. Үстінен шимақтап сызып, сөйлемдерді өзгертіп, өндейтін. Онымен де қоймай, үлкен қайшысымен (оның біреуі менде осы уақытқа дейін сақтаулы) кескілеп, желімдеп қайтаратын. Ол заманда қолжазбамызды жазу машиналары бюросына бастыратынбыз. Бүкіл аппаратта небәрі төрт машинистка болатын. Қызметкерлерден түскен жазбаларды олар кезекпен басатын. Машинисткаға кезегің жетіп, әрең дегенде бастыртып әкелсең, кейде жаңағы жағдай тағы бірнеше рет қайталанатын. Жазғаның бірінші басшының көңілінен шықпай, қайта-қайта күзеле-түзеле бергенін алғашқыда ауыр қабылдайтынбыз. Бір жұмысты қайта-қайта апарып, машинка бастатын қыз-келіншектерден де қысыламыз. Дайындаған материалдарымыздың түзетіліп, қайта басылмауына күш салатынбыз.

Кейін жұмыс мәнерін түсіндік, сөзді ә дегеннен салмақты саптауды, сөйлемді анық та қанық құруды үйрендік. Сөйтсек,